ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАУ

Биыл ұлт ұстазы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, қоғам қайраткері, ұлттық әліпби мен емле реформаторы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры А. Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл. Қазақ руханиятының шамшырағы А. Байтұрсынұлының мерейтойы тек Қазақстанда ғана емес, Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым-білім және мәдениет бойынша мәселелерімен айна¬лысатын саласы ЮНЕСКО көлемінде тойланып жатқаны ел үшін қуанарлық жағдай.

Жыл басынан бері еліміздің түкпір-түкпірінде Ақыметке арналған түрлі іс-шаралар, республикалық және халықаралық конференциялар, симпозиумдар, А.Байтұрсынұлы оқулары, әдеби кештер, апталықтар ұйымдастырылуда. Бұл ретте қазақ білімінің қара шаңырағына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де https://www.kaznu.kz қалыс қалып қойған жоқ.Сәуір айында А. Байтұрсынұлының есімі берілген қазақ тіл білімі кафедрасы түрлі шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырып келеді.

Кафедра шілде айында Түркияның Стамбул университетінде халықаралық сипозиум ұйымдастырды. Симпозиумның пленарлық мәжілісіне Стамбул университеті ректоры Махмут Ак мырза мен ҚазҰУ ректоры Ж.Қ. Түймебаев қатысып, баяндама жасады. А. Байтұрсынұлының Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген 3 томдық таңдамалы шығармаларының таныстырылымы болды. Симпозиумға қатысқан кафедра ғалымдары Ақымет идеяларының өміршеңдігінсөз етті.

Сондай-ақ тамыз айында ҚазҰУ-дың https://www.kaznu.kz Ыстықкөлдегі спорт-сауықтыру орталығында халықаралық жазғы мекеп ұйымдастырылды. «А. Байтұрсынұлы зерттеулерінің ғылыми парадигмалары» атты жазғы мектепке кафедра оқытушыларынан басқа Тіл-Қазына Ұлттық ғылыми-әдістемелік орталығының, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының қызметкерлері мен Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің өкілдері қатысып, баяндама жасады.

Тамыз-қыркүйек айларында А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы «Ақымет Байтұрсынұлы және тіл тағылымы» атты республикалық форум ұйымдастырды. Бұл форумға докторанттар, магистранттар және студенттер 4 бағыт бойынша қатысып, өзара бақ сынады. Форумның мақсаты – қазақ руханияты тарихындағы ірі тұлға Ақымет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасын жаңа лингвистикалық теориялар мен ғылыми көзқарастар тұрғысынан түсіну, Ақыметтану ілімін ұғу және Ұлт ұстазының тұжырымдары негізінде қазақ тіл білімінің болашағын зерделеу. Форумда үздік деп танылған қатысушыларға бір реттік шәкіртақы көлемінде ақшалай сыйлық табысталды. Жеңімпаздарды университетіміздің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Айдосов Нұржан марапаттады.

Форум аясында 5-10 қыркүйек аралығында Тілдер апталығы ұйымдастырылды. Апталықта кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы А. Байтұрсынұлының зерттеулеріне арнап көшбасшылық дәрістер оқыды. Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Анар Бекмырзақызы Салқынбай «А.Байтұрсынұлы ізі мен ісі: қазақ тілінің өзекті мәселелері» тақырыбында мазмұнды дәріс оқыса, Ақымет идеяларын жалғастырушы ф.ғ.д., профессорОрынай Сағынғалиқызы Жұбайдың «Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темірқазық болар ұстанымның иесі» атты көшбасшылық дәрісін студенттер мен жас ғалымдар ұйып тыңдады. Кафедра оқытушылары «Лингвистикалық болжау орталығының» жетекшісі, ф.ғ.д., профессор Д.А.Әлкебаева «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел алсын қайдан кемеңгерді» атты дөңгелек үстел, ф.ғ.к., аға оқытушы Х.Ә. Қарабаева «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің атасы» атты танымдық дәріс, ф.ғ.к., аға оқытушы С.М. Иманқұлова «Қазақ тілінің онлайн ресурстары» атты филологтарға, қазақ тілін үйренушілерге арналған онлайн-таныстырылым, ф.ғ.к., аға оқытушы А.К. Шыныбекова орыс бөлімінің студенттері арасында «Қазақшаңыз қалай?» атты байқау ұйымдастырды. Бұдан өзге кафедраның куратор-эдвайзерлері топ студенттерімен түрлі тақырыпта әдеби-жыр кештерін, кураторлық сағат, дөңгелек үстелдер ұйымдастырса, магистранттар ғылыми-танымдық шаралар, диспут өткізді.

Форумның соңында А. Байтұрсынұлының жиен немересі Айман Байсалова Ақымет әулетінің күйсандығын ҚазҰУ-дың https://www.kaznu.kz мұражайына сыйға тартты. «Бүгінде Шолпан апаның қызы жасы 86-ға келген Айман Қабиденқызы Байсалова осы күйсандықты мұражайға табыстағысы келді. Алайда, Алматыдағы тағылым мектебіне айналған музей-үйдің көлемі 160 шаршы метр болғандықтан, күйсандықты А.Байтұрсынұлы әу баста жұмыс істеген білім ордасына сыйға тартуды шешті. А.Байтұрсынұлы 1928 жылы Алматыда ашылған Қазақ мемлекеттік университетінің тұңғыш профессоры. Әлбетте, бұл қарашаңырақтың негізін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет деп жүрміз. Ақиқаты, бұл кезеңдегі ашылған мемлекеттік университет статусын “саны аз қазақ ұлтына” қимаған болуы керек жылға жетпей мәртебесін институтқа түсіріп тастаған. Шын мәнінде бұл білім ордасы — әу баста университет болып ашылған. Ал, бұл оқу ордасында қазақтың талай-талай марғасқалары қызмет жасағаны архив деректерінен мәлім», - деді форумға қатысқан А.Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі Райхан Сахыбекқызы.

А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған шаралар университетімізде әлі де жалғасын таппақ. Ұлт ұстазының ұлылығын ұлықтау – біздің парыз.

Жузбаева А., Иилікова С., Рамазанова Ш.
ҚазҰУ-дың А. Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушылары

МӘНДІ ДЕ МАҒЫНАЛЫ ДӘРІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде https://www.kaznu.kz алаштанушы, қарымды қаламгер, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың «Абай жолы: өмірлік және көркемдік шындық»тақырыбындағы көшбасшылық дәрісі өтті. Оған студенттер, магистранттар, докторанттар және ұстаздар қауымы https://www.kaznu.kz қатысты. Тұрсын Құдагелдіұлы өз дәрісінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романындағы өмірлік және көркемдік шындық қалай өрілгені туралы мағұлмат беріп, нақты дәйек-дәлелдемелерге сүйене отырып,толық түсіндіріп берді. Ғалым сөзін былайша өрбітті: «Абай жолы» романында үш көркемдік шындықтың желісі бар. Бірінші, романның әке мен баланың арасындағы қайшылыққа құрылуы. Бұл әке мен баланың арасындағы қайшылық революцияға алып келеді деген сол кездегі идеологияның ықпалы. Бұл шындық емес. Екінші, романға Абайды өсіретін қарама-қарсы күштер қажет болды. Үшінші, Әуезов Абай бейнесі арқылы қазақтың жан дүниесін бүкіл әлемге танытатын еш кілтипансыз, кіршіксіз, бейне жасағысы келді. Ол осы тұрғыда тарихи шындықты толық және еркін пайдаланды. Менің ойымша, қазіргі оқырмандарда бір қате түсінік бар. Өкінішке орай әдеби теоретиктеріміз де сол түсінікті ұстанады. Олар Абайдың өмірін «Абай жолы» эпопеясындағыдай етіп баяндап береді. Бұл сауатсыздық. Тарихи шындық біткен жерден көркем шындық басталады. Тарихи шындықтың басын қосып, көркем оқиғаға ұластырып, қиыннан қиыстырып баяндау – көркем шындықтың басты шарты. «Абай жолы» романында тарихи, өмірлік шындық ретінде өмірден алынған, өмірлік оқиғаны тура баяндайтын бірде-бір оқиға жоқ. Ал көркем шындық тұрғысынан алғанда «Абай жолының» бір сөзі де өтірік емес, нағыз тарихи көркем шындық. Ондағы баяндалған оқиғалар Абайдың тікелей өз басынан өтпегенімен де, Құнанбайдың басынан өткен, яғни көшпелілер әлемінде болған оқиға.

Келесі бір тыңдаушыларды ұйытып еліткен Қодар мен Қамқа оқиғасының романдағы желісі мен өмірдегі шындық қалай өрілгені туралы. Ғалымның айтуынша, Әуезов «Абай жолында»(тап тартысы) әке мен бала арасындағы тартысты көрсете отырып, ұлы ақынды шырқау шыңға алып шыққысы келді. Әуезов баласын әкесіне қарсы қоя отырып:«Қодар Қамқа оқиғасын Абай естіген болуы керек», – деп топшылайды. Жазушы бұл оқиғаны оқырманның көңілін өзіне аударып, Абайдың жанын түршіктіретін қоғам қайшылықтарын көрсету үшін беріп отыр. Сол себепті де бұны Абайдың өз басынан өткізіп отыр. «Қодар – Қамқа» оқиғасы 1830-1834 жылдар аралығында болған. Абай өмірге келместен 15-20 жыл бұрын болған оқиға екенін де атап өтті. Абайдың жеке өміріне қатысты шындық болмағанымен, көркем шығармаға тән, өмірлік, тарихи шындық. Сондай-ақ Базаралы мен Абай ілтипатты, ізетті, бір-біріне берілген дос болған емес. Романда Абай Базаралы итжекненге айдалып кеткенде қорғап, қорғаушы жалдап, соның жағында жүреді. Міне, дәл осы жайт – социалистік реализм мен таптық белгінің, партиялық принциптің әсері. Базаралы тақымы кеппеген барымташы. Оны Тәкежанның сегіз жүз жылқысын барымталап, бір күннің ішінде сойып тастағаны үшін және ұрлығын тыймағаны үшін соттатып отырған Абайдың өзі. Оның ұрлаған сегіз жүз жылқысын екі есе етіп төлетуге үкім шығартқан да Абай. Мұхтардың өзі: «Содан кейін тәңкеріске дейін Жігітек руы басын көтере алған жоқ», – дейді. Базаралының айдалғаны, барымта жасағаны өмірлік шындық. Оны айдатқан Құнанбай емес, Абай.»

Атақты жазушы, көрнекті ғалым, абайтанушы һәм әуезовтанушы Тұрсын Жұртбайдың дәрісі https://www.kaznu.kz өте қызықты және мәнді де мағыналы өтті. Дәрісті сілтідей тынып, селт етпей ұйып тыңдаған студенттердің жүздерінен ризашылық нышанын байқадық. Дәріс соңында тыңдарман қауым көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Ғалым қандай сұраққа болсын өз көзқарасын ашық білдіріп, тұщымды да толымды жауаптар қайтарды. Осындай айтары барғалымдардың мазмұнды дәрістері жалғасын таба берсін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Рамазанова Ш.Ә.,
Рамазанова С.А., Иилікова С.

ТІЛІҢНІҢ ШАППА ТАМЫРЫН, ЗЕРТТЕ, ТАНЫ САН СЫРЫН!

Қазақ тілі – тамыры тереңге жайылған, сан ғасырлар бойында, тіпті сан мыңжылдықтарда бірде қарыштап дамып, бірде қанаты сынуға шақ қалған, әйтсе де өз маңызын әсте жоғалтпаған ұлттық қазына. Оның байлығының белгісі күрделі тарихымен тығыз байланысты. Өткенге толық тоқталмай, болашаққа қарай оқтала алмайсың. Осы ұран ғылымның қай саласында болсын, ең елеулі болып қала бермек. Сол себепті тілдің табиғатын түсіну де оның тарихына үңілуді қажет етеді. Дәл осы мақсатта 2022 жылдың желтоқсан айында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде https://www.kaznu.kz түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты ашылды. Институттың басты мақсаты –аумағы алып түркі жұртының көне мұраларын зерттей отыра, әлі де сыры ашылмаған тарихи, мәдени, тілдік фактілерді ғылымға, ғаламға паш ету.

Түркі әлеміндегі сырға толы ескерткіштер мен қолжазбаларды зерттеу мәселесі тек қазақ жерінен шыққан түркологтарға ғана емес, өзге түркі тілдес халықтардың ғалымдарына да өзекті болып отыр. Институттың салтанатты ашылу рәсіміне Түркия, Әзірбайжан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Мажарстан мемлекеттерінің зерттеуші ғалымдары, тарихшылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері де қатысты. Сондай-ақ Халықаралық түркі академиясының президенті, тарих ғылымының докторы, Әзірбайжан Ұлттық ғылым академиясының академигі Шаин Мұстафаев, Сумгайт мемлекеттік университетінің ғылым және инновация жөніндегі проректоры, филология ғылымының докторы, профессор Рамазан Мамедов, Түркі мәдениетін зерттеу институтының директоры, доктор, профессор Бижан Ахмет сынды түркітану ғылымының дамуына атсалысып жүрген азаматтар тарапынан онлайн форматта құттықтау сөздер жолданды.

Түркі мұрасын зерттеу ордасы ашылғалы түрлі тақырыпта ғылыми дәрістер, конференциялар өткізілуде. Мәселен, 2023 жылдың қаңтар айында түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен жас ғалымдар мен ізденушілерге арналған«Тарих аясындағы тіл және тіл аясындағы тарих» атты дәрістер мен семинарлар курсы басталды. Курстың мақсаты, аты айтып тұрғандай, тіл менен тарих сабақтастығын айқындау, біріне бірінің ықпалын, заман ағымындағы өзгерісін анықтау. Тіл де, тарих та жүйелілікті жақсы көреді. Содан болар, аталмыш курстың алғашқы кіріспе дәрісі «Диахрондық лингвокомпаративистика және түркі палеотарихы» атты тақырыпқа арналды. Дәріс оқушы лектор ретіндеЧуваш Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Егоров Николай Иванович арнайы шақырылды.Дәріс барысында ғалым протүріктерді былай қойғанда, прототүріктердің тарихынан бастап, арғы ата-бабаларымыздың мәдениетін тілімен ұштастыра келе, құнды да қызықты деректермен бөлісті. Мәселен, түркі халқы ежелден бері мал шаруашылығымен айналысқаны мәлім. Соған сәйкес көне замандағы лексикалық бірліктердің біразы осы аталған еңбек түріне қатысты екені анықталды. Бір қызығы, бұл лексемалар бүгінгі күнге дейін көптеген түркі тілдес халықтар арасында сол қалпында қолданылатыны ғалым тарапынан мысалдармен дәлелденді.

Көне түркі заманында Орхон-Енисей, Талас, Алтай жазба ескерткіштері, Орта ғасырларда ұлы ғұламалар Махмұд Қашқари, әл-Фараби, әл-Хорезми, әл-Бируни, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұн, Мұхамед Хайдар Дулати еңбектері түркі тілін, тарихын, мәдениетін зерттеушілер үшін алтын қазық болса, оған дейінгі жай-күйі бұлыңғыр. Себебі прототүріктердің тілі жайлы ақпарат жоқтың қасы. Түркітану мен алтайтану ғылымына сүйінші болған ҚазҰУ-да https://www.kaznu.kz ашылған бұл институттың маңызды миссияларының бірі де осы ең көне замандағы түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерін анықтап, бүгінгі күндегі көрінісін сараптау болады. Тың мәліметке толы болған Николай Иванович оқыған дәрістің соңы осындай қорытынды тілекпен аяқталды.

Өз тілінің тарихын білу – жүрегі «қазақ» деп соққан әр азаматтың міндеті. Ал соны тереңінен зерттеп, қалың жұртқа жар сала жариялау – тіл білімі мамандарына аманат болмақ. Қазақ Ұлттық университетінде https://www.kaznu.kz жаңадан бой көтерген түркітану мен алтайтану ғылыми-зерттеу институтының да басты атқарар жұмыстарының бірі осы. Олай болса, жас ғылым ордасына ғылым мен білім жолында сәттілік тілейміз!

Тлеумурзина К., Рамазанова Ш., Жузбаева А.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің
аға оқытушылары Усенбекова А.Е., Қалиолла А., Алиханқызы Г.

ҚАНДАСТАРЫМЫЗДЫ ЖЫЛ САЙЫН КҮТЕМІЗ

Еліміздің білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – жастарға ұлтты және жалпы азаматтық құндылықтарды бойына сіндіру болып табылады. Қазіргі технологияның дамуына сай заманауи, білімді, бәсекеге тең тұлғаны қалыптастыру, сонымен қатар, кәсіпке бағытталған біліммен қамтамасыз ету, ізденімпаздығын арттыру. Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – нің https://www.kaznu.kz ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде жыл сайын шетелдік қандастарымызды ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасына қабылдаймыз. Үстіміздегі жылы тыңдаушылардың таңдаған мамандықтарына сәйкес білім беру бағытында бөліген топтар білім алуда. Бұл факультет университетіміздегі шығыстану факультетімен тығыз байланыс жасайды, атап айтқанда, студенттер мен тыңдаушылардың кездесіп, пікір алмасуы, түрлі тақырыптық дөңгелек үстелдер, мұражайларға саяхат, т.б.

Университетте тыңдаушыларға арнайы пәндер бойынша білім берумен қатар түрлі тақырыптық бірнеше үйірмелер мен клубтар жұмыс жасайды. «Жас биолог» үйірмесі аясында биология факультетінде орналасқан мұражайға тыңдаушылар саяхат жасап, көптеген қызықты мәліметтермен танысып, жер бетінен жойылып кеткен тұран жолбарысының әлем бойынша жалғыз ескерткіші болып табылатын керемет тұлыбын тамашалады.

Қандастарымыз білім алуға құштар жастар және де Қазақстан – отанына деген сүйіспеншілігін бақытты жүздерінен байқауға болады. Өткен аптада тыңдаушылармен бірге «КазГУ – град» қалашығына саяхат жасадық. Қалашықтың тарихы, оны қалаған ҚазҰУ – нің бұрынғы ректоры - Ө.А.Жолдасбековтің ғылымдағы жолы туралы, университеттің тарихы, кітапханасы, спорт кешені, мұражайлары туралы әңгімелеп, ректорат ғимаратында орналасқан «ҚазҰУ – нің тарихы» атты мұражайға саяхат жасадық. Қалашықтағы факультеттердің ғимаратымен, оқу залдарымен таныстырылып, студенттік өмір, студенттік кездің білім алуы туралы сұхбаттасу болды. Қандастарымыз ҚХР, Монғолия, Иран, Түркия, ТМД елдерінен келген жастар, олардың арманы еліміздің ЖОО – на түсіп білім алып, өмір жолында өз орнын табу.

ҚазҰУ – де қазіргі таңда 16 факультет бар, әр факультеттің бірнеше салаға бөлінетін мамандықтары бойынша оқытушы – профессорлар дәріс береді. Қандастарымыздың іздеген мамандықтары университетімізден табылары сөзсіз. «Елім, туған жерім» - деп келген жастарға білім беру оқытушылардың міндеті.

Бұл саяхат тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырғаны сөзсіз.

Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ –і жыл сайын елім, жерім деп келелетін, білім іздеп келетін қандастарымызды құшақ жая қарсы алады!

Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің
аға оқытушылары Усенбекова А.Е., Қалиолла А., Алиханқызы Г.

ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазақстандағы университеттер ішінде OpenEdx ашық платформасында ЖАОК енгізуден әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көш бастап келеді. 2014-2015 оқу жылынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-діңhttps://www.kaznu.kz қашықтықтан білім беру орталығы оқытушылық-профессорлық құраммен бірлесе отырып ЖАОК құру жұмысын бастады және қазіргі уақытта http://open.kaznu.kz адресі бойынша Open edX жүйесінің негізінде жеке ЖАОК платформа жұмыс істеп тұр.

«ЖАОК» – жаппай ашық онлайн курс, бұл электрондық түрдегі ақпараттық мультимедиялық құрал болып табылады, оның құрамына келесі авторлық құқық-туындысы кіреді:

– әдеби туындылар (лекциялар, мәтіндік файлдар);
– аудио бейнелі туындылар (видео);
-графика туындылары, дизайн және басқа да бейнелеу өнерінің туындылары (суреттер, презентациялар, 2D-графика, 3D-графика және т. б.);
– фотографиялық туындылар.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы М.Н. Ибрагимова 2017 жылы «Қазақстанды отарлау саясатында жүргізілген ережелер» атты тақырыбында ЖАОК жасап, бүгінгі күнге дейін Қазақстан тарихы пәнінен пайдаланып келеді. Бұл курс Қазақстанды отарлау саясатында жүргізілген ережелер тақырыбын тыңдаушыларға толық меңгеруге көмектеседі. Тірек-сызбалар мен кестелер арқылы тыңдаушыларды дербес дайындала алатындай етіп оқуға дайындауға; тыңдау, басқа адамның сөзін түсіну, естігенді жазу, жоспар құру, түсіну, талдау, берілген тақырып бойынша баяндама жасауға дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға; карталармен және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдысын қалыптастыруға; Қазақстан тарихы мәселелері бойынша өз ойын айтуға, проблемалық мәселелерге айтылған ғалымдардың көзқарастарына пікір білдіруге, дәлелдеуге қабілетті болуға үйретеді.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары былтыр да 2022 жылдың қаңтар айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУhttps://www.kaznu.kz Академиялық және Цифрлық инновациялар кеңсесі ұйымдастырған Жаппай ашық онлайн курстарының байқауына қатысып, барлық кезеңнен мүлтіксіз өтіп тегін онлайн курс түсіруге жолдама ұтып алған болатын. Курс авторлары: М.Н. Ибрагимова, Ж.Е. Жаппасов, У.Д. Сандыкбаева, Н. Мажиқызы, С.А. Нусупбаева, Д. Зүлкәпіл. Курс «Ортағасырлардағы Қазақстан тарихын меңгерудің ұтымды тәсілдері» деп аталады. Міне бүгінде сол курсымыздың түсірілімі аяқталып, жақында тыңдаушыларға ұсынылатын болады.Биылғы 2023 жылы ақпанда өтетін онлайн курс түсіру байқауына кафедрамыздан тағы да оқытушылар қатысуда:Математика пәнінен Уралбекова У.М.,Дауытова Ж.К.,Смағұл М.Ж., Қазақ тілі пәнінен Ибраимова Ж.Т., Мужигова Г.М., Оқу сауаттылығы пәнінен Наралиева Р.Т., Саткенова Ж.Б.,Тойғанбекова М.Ш., Қазақ әдебиеті пәнінен Әділханова Ж.С., Какенова А.М., Математикалық сауаттылық пәнінен Исаева Н., Абдибекова К.Ж. Байқауға қатысушы әріптестерімізге сәттілік тілейміз!

Қорыта келсек, кез-келген пәнді түсіндіруде заманауи жаңа технологияларды қолдану – оқытушыға сабақты жоғары сапада өткізуге пайдалы және тыңдаушының түсінігіне орасан зор әсерін тигізіп, білім сапасын жоғары деңгейде көтереді. Сонымен қатар тыңдаушыларды оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен қызығушылығына ықпал етеді. Сондықтан да осындай түрлі әдістерді сабақта қолдану тыңдаушының тәрбиесіне де жақсы ықпал етеді деген ойдамыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары Ибрагимова М.Н., Сандықбаева У.Д., Уралбекова У.М.

Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы - қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Тәуелсіздікке жеткізген жол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Сондықтан да азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын білу өзекті, ал осы жолда күрескен тұлғалардың қызметін өскелең ұрпаққа насихаттап, сабақ алудың маңызы зор.

Қазақ халқына еңбегі сіңген, халықтың тұтастығы мен мемлекетіміздің тәуелсіздігі, азаттық жолындағы күреске бастаған қазақ зиялыларының көш басында тұрған аса ірі саяси жетекшілердің бірі және бірегейі, мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік шаралардың ұйымдастырылуы және әлемдік деңгейде ЮНЕСКОНЫҢ бастамасымен атап өтілуі тұлғаның даралығын тағы да бір дәлелдесе керек.

XX ғасырдың басындағы қазақ тарихын зерттеген Оксфорд және Сорбонна университетінің профессорлары Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысының ісіне “Мәдени ренесанс дәуірі” деген баға берді. Өйткені, бүгінгі Қазақстан өзінің тәуелсіздік жолындағы қарусыз күресінің тарихи тәжірибесі мен кең байтақ жерін сақтап қалғаны үшін Әлихан Бөкейханға қарыздар болатын.

Бүгінгі таңда қазақ зиялыларының атқарып кеткен қызметі «Алаш» ұранды ұлт-азаттық қозғалысы ретінде танылса, Әлихан Бөкейхановты оның идеялық негізін қалаушы, бас идеологы, саяси жетекшісі деп бірауыздан мойындайды. Әлихан Нұрмұхамедұлы интеллектуалдық деңгейі биік, жоғары білімді, көзі ашық, озық ойлы, көкірегі ояу ұлтының мақтанышы болуға лайықты нағыз азамат еді. Ол қазақ тарихында тұңғыш демократиялық, ұлттық ұстанымдағы “Алаш” партиясын, “Алаш орда” үкіметін құрды.

XX ғасырдың басында екі бірдей - отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы бір жағынан, ауыр қоғамдық дағдарысқа келіп тірелсе, екінші жағынан, қалың ұйқыдан оянып, өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті. Жаңа заманда өзінің ұлттық болмысы мен тарихи тамырынан, тілі мен діліне айырылып қалмай, еуропаның озық мәдени жетістіктерін меңгеріп, сауатын ашудан бастаудың тиімділігін ұлт жанашырлары жақсы түсінді. Әлихан Бөкейханов және ұлттың зиялы қауым өкілдері халқына төнген қауіп-қатермен қарумен емес, интеллектуалдық қарумен, білімді игеру арқылы, саналы түрде, мәдениетті күреске шақырды.

«Алаш» қозғалысының басы-қасын¬да жүріп, ол халқының жазбаша тарихын жазу, таныту мақсатында ұлтының тарихын тиянақты зерттеді, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды саралап, олардан сабақ алуды үйретті. Сонау Қазақ хандығының іргесі қаланған кезеңнен бастап, Ресей империясының әртүрлі халықтарды отарлау үрдісін, отарлық езгідегі халықтың ауыр жағдайын кеңінен қамтып, маңызды тұжырымдар жасап, өз халқының болашағы үшін ненің қажет екенін, қандай әрекеттерге бармау қажеттілігін негіздеп, ұлт тұтастығын сақтап қалудың бірден-бір жолы - заман талабына сай ұлттық мәдениет қалыптастыру және қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жетелеп жеткізу болып табылатындығын негіздеп берді. Қазақ мәдениетін, әдебиетін, қазақшылығын жоғалтпағанда ғана ұлт ретінде сақталатындығын атап өтті. Қазақтың мәдени қайта өрлеуі мен ұлттық бірегейлігінің идеологиясы, ұраны, туы ретінде Әлихан ұсынған «Алаш» идеясы зор нәтижеге, жеңіске жеткізді. «Алаш» қозғалысы мен қайраткерлері¬нің алдына қойған ауқымды стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін ұлт жақсыларына ғана емес, қалың бұқараға да түсінікті, сана-сезімі мен жүрегіне ұялайтын идея болды.

«Алаш» идеясын басшылыққа алған Әли¬хан: қазақ ұлтшылдығы - ол өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін, Отанды сүю, қорғау және қамқор болу деп насихаттады. Қазақ жерінің тұтастығы үшін күресіп, ата-бабаларымыздан аманатқа қалған туған жердің шекарасын белгілеп, халқының болашағын ойлаған азамат өзінің және туған-туыстарының өмірін осы жолда сарп етті. Қазақ халқының ата-баба жеріне деген, ұлттық мемлекет құрып, өзін-өзі басқаруға деген қасиетті құқын табанды түрде қорғап, сол үшін күресіп өтті. Кеңес өкіметі “Алаш” қайраткерлерін биліктен аластатып, бақылауда ұстағанымен, Әлихан және қазақ зиялылары оқу-ағарту, жоғары білім беру, ғылым және өнер саласында үстемдік етті. Олардың тіл, әдебиет, тарих, математика, физика, философия және т.б. салаларды дамытудағы зерттеу еңбектері сол кезеңде халықтың сауатын ашып, білімін жетілдіруге қомақты үлес қосты.

Белгілі тарихшы Кеңес Нурпейісов: “Әлихан Бөкейхановты ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін қалаушы ғана деп тану жеткіліксіз. Ол XX ғасыр басында қалыптасқан геосаяси жағдайда ұлт-азаттық күрестің жаңа, сапалы формасын, яғни оның саяси түрін қалыптастырып, күрестің осы түрі негізінде еліміздегі тәуелсіздікке жеткізудің мақсат-мүдделерін айқындап, нақтылауда қажымас қайрат көрсеткен халқымыздың саяси көсемі болды десек, артық айтқандық болмайды”, - деп нақты атап өткен болатын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндеhttps://www.kaznu.kz”Қазақстан тарихы” пәнін өткізу барысында және тәрбиелік іс-шараларда Әлихан Бөкейханұлының өмірі мен қызметіне, халқына сіңірген еңбегіне ерекше ден қойып, жан-жақты насихаттайды.

Тәуелсіздік жолында ерлік жасаған Әлихан Бөкейхановтың рухына халқы тағзым етіп, өскелең ұрпақ оның елі үшін жүргізген күресі мен қызметінен сабақ алып, мәңгі есте сақтары хақ. Әлихан Бөкейхановтың туғанына 155 жыл толуына арналған мерекелік іс-шаралардың Ұлы тұлғаны танып-білу, өмір белестерінен сабақ алып, ұрпақтар үндестігін жалғастыруда, рухани даму мен ұлттық санаға жол ашуда, Алаш ұлттық идеясын мақтанышпен насихаттауда маңызы зор болмақ деп білеміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультеті Қазақстан тарихы
кафедрасының оқытушылары Н.А. Тасилова,Ү.М. Джолдыбаева
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушысы М.Н.Ибрагимова

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-дың БИОЛОГИЯ МҰРАЖАЙЫ

ҚазҰУ-дың Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан шетелден келген қандастарымызды Қазақстанның көркті жерлерімен, мұражайларымен таныстыру өз жалғасын тауып келеді. Бұл жолы «Өлкетану» клубының ұйымдастыруымен «биология» мұражайы таныстырылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің https://www.kaznu.kz биология мұражайының негізі 1936 жылы, биология факультетінің зоология кафедрасында зоология мұражайы болып қаланды, ал 1949 жылы факультеттің биология мұражайы болып қайта құрылған. Мұражайдың қалыптасуына Қазақстан аумағында 1933–1938 жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Одаққа белгілі ғалымдар В.Н.Шнитников, А.А.Слудский, В.А.Селевин және Қазақстанның халық жазушысы, зоолог ғалым М.Д.Зверев және т.б. өз қорларынан көптеген аңдар мен құстардың сыйға тартқан тұлыптары негіз болған.

Қазіргі мұражай залы ҚазҰУ-дың жаңа қалашығында 1984 жылы ашылған. Мұражай 3 бөлімнен және 84 қабырға сөрелерден құрылған үлкен залдан тұрады. Зал мен сөрелердегі жәдігерлердің жалпы саны 5000-нан асады. Көрме залындағы жәдігерлер биология ғылымының тақырыптық бағыттарына сәйкес жүйеленген. Осы жүйелеудің нәтижесінде келесі бөлімдер пайда болды.

I. Қазақстанның биотоптары, экосистемалары мен табиғи зоналарының алуантүрлілігі;
II. Жер бетіндегі тіршіліктің эволюциялық дамуы;
III. Экология және табиғатты қорғау;
IV. Жануарлар дүниесінің жүйесі;
V. Өсімдіктер әлемінің жүйесі;
VI. Мұражай қорлары. Мұражай залында республика аумағында мекендейтін сүтқоректілердің 6 отрядының 17 тұқымдасының түрлері қойылған, жалпы саны 92. Мұражайда жасалған табиғат көріністерінің макеттері, қатырылған аю, барыс, қоян, тышқан және әртүрлі құстар, қасқырлар кез келген адамды қызықтырмай қоймайды.

Шетелден келген тыңдаушылар мен ҚазҰУ студенттері ғана емес, сонымен қатар қаланың басқа университеттерінің студенттері мен мектеп оқушылары да бұл мұражайды тамашалай алады. Біздің факультеттің тыңдаушыларын әр жаңа жерді таныстыруда өздеріне танымдық көп мағлұмат алатынына сенімдіміз. Бұл жолғы мұражайға жасаған саяхатымыз да өз мақсатына жетті деп ойлаймыз.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
аға оқытушылары:
С.А. Нусупбаева, Г.М. Мужигова, Сапаева Г.Е.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: ТІЛІ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Әл-Фараби» кітапханасының кіші залында 2023 жылы 10 ақпанда отандық тіл білімінің өзекті мәселелеріне арналған «Тіл білімінің жаңа парадигмалары: теориялық және әдістемелік ізденістер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен аралас: офлайн және онлайн форматта өтті.

Халықаралық конференцияның мақсаты – филолог ұстаздардың инновациялық, педагогикалық тәжірибелерін отандық, халықаралық жаңа мазмұнды білім беру ресурстары ретінде оқу үдерісінде жүзеге ас